

P 2008

557k



# ҰЛЫ ДАЛА МЕМЛЕКЕТТЕРІ









# ҰЛЫ ДАЛА МЕМЛЕКЕТТЕРІ



АЛМАТЫ, 2006

ББК 63.3 (5каз)

Ұ46

**Ғылыми кеңесшісі**

**Зардыхан Қинаятұлы, тарих ғылымының докторы, профессор**

Ұ46 **Ұлы Дала мемлекеттері.** – Алматы: «Адамар» баспасы, 2006. – 216 бет.

ISBN 9965-884-00-5

*«Адамар» баспасы ұсынып отырған «Ұлы Дала мемлекеттері» кітабы танымдық тарихи әдебиеттер қатарынан орын алатыны сөзсіз. Балалар мен ересектерге арналып жазылған бұл көркемсуретті туындыда адамзат тарихының әр түрлі кезеңінде ұлан-байтақ Еуразия аумағында өмір сүрген түркі мемлекеттерінің бай тарихы жүйелі әрі әсерлі баяндалады.*

Ұ 0503020905  
00(05)-07

ББК 63.3 (5 каз)

ISBN 9965-884-00-5

© «Адамар» ЖШС, 2006

## АЛҒЫ СӨЗ

Отан тарихын қарастырғанымызда аса маңызды мәселелердің бірі – Қазақ мемлекеттілігінің тарихы болып отыр. Қазақ халқы – бірнеше мың жылдық тарихы мен мәдениеті бар халық. “Қазақ” деген атауымыз XV ғасырда (кейбір ғалымдар бұл атаудың одан да ертерек кездесетіндігін айтады) қалыптасқанымен, ол тарихта мыңдаған жылдар бойы бүгінгі Қазақстан және Орта Азия аумағында болған мемлекеттер құрамында өмір сүріп келген еді. Ал, енді қазақ халқының мемлекеттілігінің тарихы қай кезеңнен бастау алады деген мәселеге келсек, сөз жоқ, оны Ұлы Далада өмір сүрген ежелгі мемлекеттерден іздейміз. Тарихымызға үнілсек, қазіргі Қазақстан аумағын мекендеген түрлі тайпалық одақтар мен мемлекеттер қазақ халқының тарихында өздерінің терең іздерін қалдырып отырған. Сондықтан аталмыш кітапта Ұлы Далада өмір сүріп, Қазақстан тарихында өзіндік ізін қалдырған тайпа бірлестіктері (сақ, сармат, ғұн, үйсін, қаңлы) мен мемлекеттер (Түрік қағандығы, Қыпшақ хандығы, Ақ Орда, т.б.) және олармен өзара байланыста болған кейбір көрші мемлекеттер (Бактрия, Кушан мемлекеті, Хулагу мемлекеті, т.б.) жайлы мағлұматтар жинақталып берілген.

Кітаптағы кейбір деректер мен көзқарастар барлық оқырмандар арасында қолдау таба бермеуі мүмкін. Оның себебі – Қазақстан тарихындағы көптеген мәселелердің әлі де болса ортақ бір тоқтамға келмегендігінен, бір ізге түспегендігінен, тіпті зерттелмегендігінен. Қандай да бір мәселеге қатысты бірнеше автордың қарама-қайшы немесе балама көзқарастары болатындығы белгілі. Солардың неғұрлым кең таралған нұсқалары ғана кітапқа жинақталды.

Кітап, негізінен, Ұлы Далада өмір сүрген мемлекеттер туралы тереңірек білгісі келген оқушылар мен студенттерге және жалпы көпшілікке арналған. Бұған дейін мұндай қазақ тілінде жеңіл әрі түсінікті етіп жазылған кітаптар жоқтың қасы болғандықтан, бұл кітап аталмыш олқылықтың орнын толтыруға арналған алғашқы қадамдардың бірі деуге болады.

## САҚТАР

Біздің заманнан бұрынғы VII ғасырдан біздің заманымыздың II ғасырына дейінгі уақытта Солтүстік Үндістан, Ауғанстан, Орта Азия мен Қазақстан, Шығыс Түркістан жерін **Сақ бірлестігі** мекен еткен. Бүгінде сақ қорымдары Балтық теңізінен (Висла, Эльба өзені) Орталық Моңғолияның Керулен дариясына дейінгі, Ертіс, Енисейден Тұрфан мен Ордосқа (бұрынғы Си Ся) дейінгі аймақты алып жатыр.

Сақтар туралы алғашқы деректерді «Бехистун» жазбасынан, Ксеркс «дәптерінен», Авестаның Ясна кітабына енген заратуштраның уағыз өлең жолдарынан кездестіреміз.



*Ирандағы Бехистун жазбасы жазылған жартаc*

«Авеста» мәтініндегі Иран эпосында Қазақстан және Орта Азия көшпенді тайпалары «турлар» аталған. Бұларды Грек елінің тарихшысы Страбон өз шежіресінде «азиялық скифтер» деп жазды. Рим жазушысы Үлкен Плиний де осындай пікір-тұжырым қалдырған. Оның жазуынша, скифтерді заманында парсылар «саға» деп атаған. Бұл атау қытай жазбаларында «сэ» айтылымымен тарады.

Ахемендік Иранның сына жазуы ескерткіштерінде сақтар үш топқа бөлінеді.

Олар: хаомаварга сақтары (хаома шарабын ішетіндер немесе амюрийліктер); тиграхауда сақтары (шошак бөріктілер); тьяй-парадарайя сақтары (теңіздің арғы жағындағылар). Бұлар Орта Азияның оңтүстігін, Арал теңізінің төңірегін, Сырдария бойын, Жетісу алқабын мекендеген. Сақ одақтарының құрамына яксарт, массагет, исседон, дай, астак, қамақ, аримаспы сияқты көптеген көне тайпалар біріккен. Олар Кавказ тауын «Қап» деп атаған.

Сақ жерінде Яксарт (Сырдария), Оксус (Өкісу – Әмудария) секілді арынды үлкен дариялар ағып жатқан. Сырдарияны бактиярлар (бактрлар) – Яксарт, ал сақтар Сілес (Сіле, Сілеті) деп атаған.

Сақтар антропологиялық типі, этнографиялық салт-дәстүрі, тілі мен мәдениеті жағынан әр түрлі болды. Қазіргі түркі халықтарының тілдерінде «сақ» сөзі жиі ұшырасады. Мәселен, якуттардың өздерін сыха атауы, қазақта сақа адам, сақшы, сақ сөздерінің



*Сақ тиграхауда және мидиялық, Персепольдегі (Иран) Ксеркс сарайының бедер бөліктері. Б.з.б. V ғасыр*



сақталуы – сақтардың тікелей ұрпағы болып табылатындығының бір дәлелі. Қазақ (хассак) атауының өзі Сақ атауымен байланысты деген болжам да бар.

Көне жазбаларға қарағанда, парсылар, гректер, кейіннен селефкілер де сақтарға қарсы жорықтар жасаған. Сақтар парсы әскерінің құрамында грек-парсы соғыстарына қатысып, ахемендердің әскерінде көп жыл әскери қызмет атқарды. Ахемендіктер әулетінен шыққан парсы патшасы II Кир өзінің сол кездегі күшті төрт көршісін – Мидия, Лидия, Вавилония және мысырлықтарды бағындыру үшін жауынгер сақтармен әскери одақ құрған. 553 жылы сақтар Кирге жақтасып Мидия жеріне бойлай кіріп, өздеріне бағындырады. Геродоттың хабарлауынша, сақтар мұнда 28 жыл билік құрған. Көп ұзамай II Кир Лидия мен Вавилонды бағындырған соң, шығысқа бет бұрады. Бұл жорығында II Кир кешегі одақтастары массагеттердің қарсылығына тап болады. Бұл массагеттерді әйел патшайым Томирис билеп тұрған кез екен.

II Кир өзіне тұрмысқа шығуын ұсынып Томириске елші аттандырады. Томирис Кирдің бұл неке арқылы бүкіл массагеттерді қол астына алғысы келіп отырғанын түсініп, одан бас тартады. Ақырында II Кир және Томирис басшылық еткен парсылар мен массагеттер арасындағы ақтық шайқас 530 жылы шілдеде Әмударияның бір саласы Өзбой бойында өтеді. Шайқаста массагеттер жеңіске жетіп, II Кир қаза табады.

Парсылардың сақтарға қарсы тарихта белгілі екінші үлкен жорығын 519 жылы Гистасптың ұлы Дарий патша бастайды. I Дарий бұл жолы шошақ тымақты (тиграхауда) сақтармен шайқасқан. Ол 700 000 қарулы қолмен басып кірген.

Сақтар парсылармен Истра өзенінен үш күндік жерде кездесіп, шегіне жүріп ұрыс салған. Дарий қарсыластарының бұл әрекетін түсінбей, олардың ханы Иданфирске жаушы жіберіп, берілуін талап етеді. Иданфирс оған: «Бұл көріп отырғаныңыз Сіз үшін шегініс болуы мүмкін, ал біздер, көшпенділер үшін, үйреншікті құбылыс. Бізде жан алысып, жан берісіп қорғанатын қала, қамал, егіс алқабымыз жоқ, сонда мен сені не үшін күтіп отырмақпын. Шын мықты болсаң, біздің ата бейітімізді басып алып көр. Жан алысып, жан беріскеннің не екенін сонда көрер едің!» – деген екен.

Сақтар осылай шегіне жүріп Сырдария, Жетісу жиегіне дейін ұрыс салған. Сондықтан парсылар тек Сырдарияның арғы жағы мен Каспий жағалауын мекен еткен сақтардың кейбір бөлімдерін ғана уақытша бағындыра алды. Көшпенді сақтардың мұндай соғыс тәсілінен әбден



*Ежелгі сақ жауынгерлері. Б.з.б. V – III ғғ. Қ.С. Ахметжановтың “Жараған темір кигендер” кітабынан*

қалжыраған I Дарий патша ақыры кері шегінуге мәжбүр болған.

Грек тарихшысы Полиэн өзінің «Әскери кулықтар» деген кітабында сақтарға қарсы жүргізілген жорықтар туралы деректер қалдырған. Ол, әсіресе, жоғарыда айтылған соғыста болған таңғажайып оқиғалардың бірін былай суреттейді: «Ширак деген бір сақ өз денесін өзі пышақпен жаралап, парсыларға қашып барып, өзін сақ басшыларынан зорлық көрген пенде етіп көрсетеді. Ол руластарынан кек алатын кісіге ұқсап, парсы әскерлерін сақтарға бастап барамын деп алдап, адастырып сусыз шөлге апарады. Осылай парсының шапқыншы әскерлері шөлден қырылады. Ақырында Ширак оларға:

– Мен сендерді адастырып, қырғынға ұшыраттым. Елімді аман алып қалдым, дегеніме жеттім. Енді қолдарыңнан келгендерінді істей беріңдер, – деген екен».

Сақтар грек-парсы соғысында парсылардың одақтастары ретінде қатысты. Б.з.б. IV ғасырдың 30 – 40 жылдарында Александр Македонский басқарған гректер Орта Азияға баса-көктеп кірді. Осы қақтығыста Сыр бойының негізгі халқы – массагеттер олардың негізгі қарсыласына айналады.

Ксеркс және Арриан жазбалары бойынша, Александр Македонский басқарған грек жасақтарымен болған соғыс кезінде қазіргі Қазақстанның оңтүстік аймақтарын мекендеген сақтар «дақтар» деп аталған. Массагет-дақ сақтары осы күресте ғажайып ерлік танытты. Александр Македонскийдің өзі Сырдариядан өту әрекеті кезінде сақ жебесінен жараланды. Сөйтіп, Сырдарияның сырт бойын мекендеген сақтар қажырлы қарсылық

көрсетуінің нәтижесінде гректерді шегінуге мәжбүр етіп, өздерінің тәуелсіздігін сақтап қалды.

**Шаруашылығы.** Сақ дәуірі тайпалары мал шаруашылығымен айналысты. Негізінен, қой және жылқы өсірді. Қойды тек етті мал ретінде ғана пайдаланбаған, оның жүнінен киіз басып, арқан есіп, жіп иірген. Сақтар киіздің бірнеше түрін жасай білген. Киіз үйдің керегесіне ұстауға және жерге төсеуге арнап қарапайым қалың, қара киіздер, ал киім, бас киім тігу үшін жұқа әрі жұмсақ киіздер басқан.



*Пазырық қорғанынан табылған киіз текемет*

Көшпелі малшы және жауынгер сақтар тұрмысында жылқы малының орны ерекше болған. Негізінен, жылқының қысқы жайылымға төзімді тебін жылқысы мен міністік тұқымы (Пазырық, Тасмола) ұшырасады.

Сақ заманында доңғалақты көлік түрлері дамыған. Қаратау жотасы мен Шу-Іле тауларының (Таңбалы тас, Қойбағар, Арпаөзен) жартастарындағы суреттер, Таулы Алтайдың обаларынан табылған заттар жүк арбалары мен соғыс күймелері болған деуге мүмкіндік береді. Жүк арбалары екі, төрт және алты доңғалақты болған. Олар жөніндегі мәліметтер жазбаша деректемелерде де сақталған. Мәселен, Гиппократ сақтардың тұрмысын суреттей келіп, былай деп көрсетеді: «Арбалар өте шағын, төрт доңғалақты бола-

ды. Басқа бір алты доңғалақты арбалар киізбен жабылады; үйге ұқсас екі және үш қабат киіз жабылған шанақты арбалар жасалады, олар жаңбыр мен желден пана болады... Бұл арбаларда балалар мен әйелдер тұрады, ал ерлер қашан да ат үстінде жүреді».

Мұндай арбаларға өгіз, ат және түйелер жегілген. Соғыс және аңшылыққа арналған күймелер, негізінен, екі доңғалақты болған. Сақ тайпалары қосалқы кәсіп ретінде аңшылықпен және балық аулаумен айналысқан. Жартастағы суреттер таулы-далалық тайпаларда аңшылықтың салт атпен қаумалап аулау, иттердің көмегімен қуып аулау сияқты түрлері болғандығын көрсетеді. Балық аулау Ертіс жағалауында және Страбон «батпақты, аралды ел» деп атаған Сырдария атырабында кең тараған. Қуандария мен Жаңадарияның көне арналары бойындағы қоныс жұртынан да балық аулау құралдарының көптеген түрлері табылып отыр.

### **Сақтардың қоғамдық құрылысы.**

Сақ қоғамының көшпелі және жартылай көшпелі мал шаруашылығымен айналысуы, металлургия өндірісінің жетілуі қосымша өнімнің өсуіне, айырбастың дамуына, жеке меншіктің қорлануына септігін тигізді. Жерге қауымдық меншік сақталып, малға отбасылық меншік пайда болды. Суармалы егіншілікпен айналысқан аймақтарда енді туыстық жағынан емес, аумақтық-өндірістік ұстаным бойынша құрылған қауымдар қалыптаса бастады. Көшпелі және жартылай көшпелі мал шаруашылығымен айналысатындар арасында рулық тәртіптер сақталды. Сақ заманы қоғамдық құрылымы: шағын туыс отбасылар тобы (патрономия) – көшпелі қауым (ру) – тайпа – тайпалар одағы бо-

лып келеді. Тайпа қоғамдық құрылыстың маңызды сатысына айналды. Тайпаның өз жері, аты және осы тайпаға тән диалектісі, ортақ діни ұғымдары мен діни ғұрыптары, ортақ істерді талқылайтын тайпалық кеңесі, жоғарғы көсемі мен әскери басшысы болды.

Ертедегі темір дәуірінде Қазақстан аумағында оның оңтүстік, шығыс және орталық аудандарын мекендеген тайпалардың көбі сақ тайпалық одағына, ал оның батыс және ішінара солтүстік аудандарын мекендеген тайпалар савромат тайпалық бірлестігіне кірген.

Б.з.б. I мыңжылдықтың орта шеніндегі тайпалық одақтар мемлекеттіліктің тууының алғашқы сатысы болды. Сайланып қойылған көсемдердің қолына азаматтық және әскери билік шоғырланды, әскери жасақтар құрылды. Сақ бірлестігін хан басқарды. Әрбір тайпа бірлестіктерінің өз ханы болды. Хан мұрагерлік жолмен сайланды. Егер хан өлсе, оның орнын ұлы, ал ұлы кәмелетке толмаған немесе мүлдем болмаған жағдайда ханның ең сенімді әйелдерінің бірі ел басқарды.

Хан елбасы, ел мен жердің иесі, бас қолбасшы саналған. Ханның жанында ірі-ірі тайпа басшылары және әйгілі батыр-қолбасшылардан тұратын хан кеңесі жұмыс атқарған. Жорыққа аттану, хан сайлау сияқты аса ірі мәселелер хан кеңесінде шешілген.



Қазақстанның оңтүстігі (Оңтүстік Қазақстан мен Жетісу өңірі) әлеуметтік-экономикалық жағынан үдемелі қарқынмен дамыды және қоғамдық құрылыстың жоғары сатысында тұрды. Мұны археологиялық, әсіресе, Жетісудағы деректемелер растайды. Бесшатыр қорымы мәдени және ежелгі сәулет өнерінің,

қоғамдық өмірдің айқын көрсеткіші бола алады.

Жетісу атырабында «патша обалары» деп аталатын қорымдардың көп болуы бұл жерде мал өсіруші сақтар арасында (б.з.б. VII – IV ғғ.) мүлік теңсіздігінің болғандығын көрсетеді. Мындаған шағын үйінділермен салыстырғанда, үлкен обалар санының аз болуы қоғамның екі топқа: артықшылығы бар азшылық пен кедей көпшілікке бөлінгендігін дәлелдейді.

Б.з.б. VII – V ғасырларда Қазақстан мен Орта Азияның далалық кеңістіктерінде Бесшатыр, Есік, Шілікті сияқты тас пен топырақтан үйілген обалар, ал егінші-малшы сақтар аймағында қам кірпіштен салынған Түгіскен кесенесі пайда болды. Қазба жұмысы олардың сақ қоғамындағы жоғары дәрежелі адамдардың сағаналары екендігін дәлелдеп берді. Обалы үйінділердің ауқымдары жерленген адамның қандай да бір әлеуметтік дәрежеге жатқанын белгі-

материалдарының – топырақтың, қиыршық тастың, тас пен ағаштың және жұмсалған адам еңбегінің ауқымы да маңызды дәлел болады. Мәселен, ең үлкен Бесшатыр обасы үйіндісінің көлемі 80 мың текше метрден астам, ал оны салуға 60 мыңдай адамның күндік еңбегі қажет. Ең үлкен патшалық обалардың құрылысына қатардағы обаларды тұрғызғандағыдан он мың еседен артық адам күші жұмсалған. Үйінділер



*Сақ қорғандарының жарып көрсетілген сызбалары*

ауқымының әр қилылығы мен оларды салуға жұмсалатын еңбек мөлшері сақ қоғамында әлеуметтік сатылардың дамығандығының салдары болып табылады. Сақтардың иерархиялық атақтары – қоғамның жіктелуінің тереңдей түскенін айқын көрсетеді. Жоғарғы сатыға патша мен ханша, шонжарлар мен «аксүйек» адамдар, салт атты жауынгерлер, төменгі сатыға тәуелді адамдар,



*Бесшатыр қорымы*

лейді. Кейбір обалардың ауқымы үлкен және қабірдің ішінен көптеген заттар табылған, ал кейбіреулерінің көлемі кіші болған, заттар қойылмаған. Сақ қоғамында әлеуметтік теңсіздіктің орын алғанына патшалық обаларды тұрғызуға пайдаланылған құрылыс

құлдар, қызметшілер, жаяу жауынгерлер жатқызылған.

### **Сақ тайпаларының қолөнері.**

Сақ қоғамында қолөнермен айналысатын шеберлер өз қауымы мүшелерінің қажетті заттарын жасап беріп, оның орнына ауыл шаруашылығы өнімдерін айырбастап алып отырған. Еңбек құралдарын, киімдер, қару-жарақтар, тұрғын үйлер, түрлі аспаптар жасауға керекті шикізаттардың көпшілігін ертедегі мал өсірушілер жергілікті жерде өндіріп, өңдеді. Кен-руда шикізаты, бірқатар шаруашылық бұйымдары, әшекейлер кейде шалғай жерлерден тасып әкелінді.

Сақ тайпалары, әсіресе, қола құю ісі мен басқа металдарды өңдеу техникасында елеулі табыстарға жетті. Өндірістік және шаруашылық-тұрмыстық мақсаттарға арналған алуан түрлі бұйымдар жасады. Құйма қалыптар ретінде қыш, металл, кейде тас пайдаланылды. Жебенің ұштары мен қанжарлар жасау үшін олар екі немесе үш ұялы жармалардан тұратын қарапайым құйма қалыптарды қолданды.

Қалайымен аптау техникасын меңгеру ертедегі құюшылардың елеулі жетістігі болды. Қалайымен қапталған бұйымдар онша таттанбайды әрі көпке шыдайды.

Б.з.б. V ғасырдан бастап аттардың жүгені барынша ыңғайлы етіліп, ауыздықтары темірден жасалатын болды.

Сақтар қару-жарақтардан жебелі шағын садақтармен, парсылар акинақ деп атаған шабуға да, түйреуге де ыңғайлы қанжарлармен, ұзын семсерлермен, сүйменшелермен, найзалармен және бітімі әр түрлі жауынгерлік балталармен қаруланды. Сақ жауынгерінің сауыт-сай-

маны қолдан істелген дулығадан, шағын қалқаннан және жебе салынған қорамсақ ілінген белдіктен тұрды.

Б.з.б. VII – VI ғасырларда соғыс қанжарлары қоладан құйылды. Б.з.б. IV – III ғасырлардан бастап соғыс қанжарлары тек темірден ғана жасалатын болды. Қорамсақтар мен ақинақтар, әдетте, жауынгерлердің белдіктерімен бірге табылады. Сақтардың белдіктері салмақтылығымен ерекшеленген, әдетте, құрастырмалы болып, іші қуыс ірі қола қаптырмалардан тұрған. Мұндай қаптырмалардың сыртқы беті ою-өрнекпен әшекейленеді, кейбіреулері мүсін тәріздендіріліп жасалады.



*Сақ дәуірінде жасалған ауыздықтар мен қанжар*

Тұрмыстық керек-жарақтан ең көп табылатыны – пышақтар. Олардың бәрінің де жетесі шағын тікше, сабының ұшы дөңгелектеліп жасалған. Б.з.б. VI ғасырдың аяғында-ақ қола пышақтардың орнына түгелдей дерлік темір пышақтар жасалатын болды.

Б.з.б. VII – VI ғасырлардан бастап салмақты, жиегі шығыңқы, дөңгелек табақша қола айналар кеңінен тарады.

Б.з.б. V – IV ғасырларда олардың орнына жалпақ және жиегінде қарапайым тұтқасы бар айналар шықты. Сақ айналарының өзінің алдындағы андронов айналарынан айырмашылығы – олардың бетіне балқытылған қалайы жалатылған, мұның өзі оларды жылтыратып тұрған.

Сақ заманында металл өңдеумен бірге қолөнердің ыдыс-аяқ жасау, тас қашау, сүйек ою, тері илеу, жіп иіру және тоқымашылық сияқты басқа түрлері де болды. Сақ тайпаларының басым көпшілігінің көшпелі тұрмысы ыдыстың жаңа түрлерін туғызып, жаңа материалдарды – металл, тері және ағашты қажет етті. Көшпелі тұрмыс басым болған Орталық Қазақстанда керамикалық ыдыс тым аз жасалды, негізінен, тері, ағаш және металл ыдыстар ұсталды. Жетісу, Ертіс бойы және Батыс Қазақстанның орманды-далалық



*Құрбандық шырағданы. Б. з. б. IV – III ғ. Жетісу өңірі Ерейментау қыстағынан табылды*

аудандары сияқты басқа аймақтарда керамикалық ыдыстар бұрынғысынша жасала берді, бірақ олардың түрі қола дәуіріндегі отырықшы, бақташы тайпалардың ыдыстарынан басқаша болды. Жетісуда көшіп-қонғанда алып жүруге қолайлы тұрқы қысқа, жатаған

ыдыстар кеңінен таралды. Олардың арасында жайпақ дөңгелек тостағандар, шомбал саптыаяқтар, текше тәріздес ыдыстар мейлінше жиі ұшырасады.

Түбі дөңгелек ыдысты Батыс және Солтүстік Қазақстанның мал өсірушілері де пайдаланған, ол бірінен бірі үлкейе беретін жеке-жеке таспа сияқты саздан жасалған. Керамика жасаған кезде қалып ретінде топырақ толтырған мата үлгі пайдаланылған. Жетісудың обалы молаларынан жайпақ табақтар мен астаулар түріндегі ағаш ыдыстар табылды, көмбедегі табылған заттардың арасынан алуан түрлі тағандар мен




*Қола қазан. Жетісу. Б.з.б. V – III ғғ.*

аяқтары бар үлкен қола қазандар да көп кездесті. Шығыс Қазақстанның таулы аудандарының тұрғындары сыртқы формасы басқаша келген қыш ыдыстар пайдаланған. Мұнда майқұйғыш тәрізді және тік мойынды құмыралар мен аласа көзелер жиі кездеседі. Б.з.б V – IV ғасырларда мұндай құмыралардың сыртына, көбінесе, қоңыр түсті минерал бояумен әшекей салынған. Таулы Алтайдың Пазырық обаларынан ағаш және көн ыдыстардың өте мол жиынтығы табылды. Онда алуан түрлі нақыштармен әшекейленген торсықтар, мал және аң

терілерінен жасалған аяққаптар, ағаштан ойылған биік аяқтары бар ағаш столдар сақталған. Маталар, тұс киіздер мен кілемдердің үлгілері сақ тайпаларында тері илеу ісінің және қолөнердің басқа да түрлерінің жан-жақты дамығандығын дәлелдей түседі.

Ертедегі темір дәуірінен бізге тас пен сүйектен жасалған бұйымдар да жеткен. Сақ заманында тасқа қашап өрнек салу, бір не екі жағынан бұрғылап тесу және тегістеп жылтырату әдісі жетілдірілген.

Қанжар, пышақпен бірге белдікке тағылатын қайрақ тас сақ малшысы мен жауынгерінің жанынан тастамайтын заты болған. Белдікке тағу үшін оның жоғарғы жағын арнайы тескен. Ертедегі сүйек оюшылар жылқының, қойдың, маралдың жілік сүйектерін, жылқының тақта сүйектерін, марал мен таутекенің мүйіздерін өндеген. Барлық сүйектер өнделердің алдында ұзақ қайнатылған. Өткір металл құралдардың жиынтығы пайдаланылып, сүйектен және мүйізден жебе ұштары, айшықтар, белдікке салынатын алуан түрлі қаптырмалар, түйреуіштер, тізбелер, жайпақ бедерлі тоғалар мен ілгектер, шаш түйрегіштер жасалды.



*Бесшатыр қорымындағы патша қорғанының топырақтан аршылғаннан кейінгі көрінісі*

Іле өзеніндегі Бесшатыр қорымының Тянь-Шань шыршасымен жабылып, шірімей сақталған қабірлері ағаш өңдеу мен ағаштан құрылыс салудың кейбір ерекшеліктерін білуге мүмкіндік береді. Бесшатыр мазарларын салу үшін құрылыс ағаштары Іленің қарсы беттегі жағасынан 200 – 250 шақырым Іле Алатауының сілемдерінде дайындалған. Ағаш кесілген жерде бұталып, тегістеліп, бөренелерге кертпелер салынған. Дайындалған бөренелер арнаулы ағаш сүйретпелермен тасымалданған. Ауыр бөренелерді үш метрден астам биіктікке көтеру кезінде иіндер мен шығырлар жүйесі пайдаланылған. Бөренелерде сақталған өңдеу іздері балташылық құрал-саймандарының ішінде ауыр қола балталар – шаппашоттар, қашаулар, үскілер, пышақтар болғанын аңғартады.



*Есік қорғанынан табылған аң нақышымен жасалған алтын жапсырмалар*

Сақ заманында ағаш ұсталығы да дамыды. Ағаштан сүт құятын ыдыстар мен ағаш тостағандар, табақша, келілер және үй ішінің басқа да керек-жарақтары жасалды, ағаш қабығынан жануар және өсімдік бейнелі күрделі өрнектер ойылды, олармен ер-тоқымдар, ағаш табыттар, жебе салынған қорамсақтар, әр түрлі қынаптар әшекейленді.


Сақтардың бейнелеу өнерінде аң нақышы кең тараған. Оның негізгі тақырыбы аңдарды, хайуанаттарды және аңыздағы ғажайып жануарларды бейнелеу болды. Бейнелеу әдістерінің көбі қазандар мен құрбандық ыдыстарын, семсер, қанжар, қорамсақ, айбалта, жүген секілді заттарды, киімді, тулардың сабын әшекейлеу үшін пайдаланылды. Сақтардың қолданбалы өнерінің маңызды түрі ою-өрнек болды, ол аң нақышы өнерімен қатар, онымен өзара байланыста дамыды. Металға қарағанда ою-өрнек өнерінің ескерткіштері аз сақталатыны мәлім, өйткені ою-өрнек салынатын материалдар (тері, киіз, ағаш, жүн, маталар) тез шіриді. Сондықтан да ою-өрнек шығармашылығының кейбір үлгілері тек ерекше қолайлы



*Пазырық қорғанынан табылған түкті кілем. Б.з.б. V ғ.*

жағдайларда ғана, мәселен, оба тоңында сақталған (Пазырық қабірінде). Сақ заманындағы ою-өрнектің бірнеше түрін: геометриялық, өсімдік тектес, жануарлық, символдық түрлерін атап көрсетуге болады. Қазақстан аумағында жаппай тараған петроглифтер – жартастағы суреттер де сақтардың бейнелеу өнерінің ескерткіші болып та-

былады. Әдетте, олар күнге күйіп, бетін қоңыр тат басқан жартастарға үшкір металл құралдармен қашап салынған. Жалпы алғанда, жартастағы суреттер әр түрлі тарихи дәуірде салынған, бірақ олардың көбі – сақтар салған петроглифтер. Талай ғасырлар бойы тайпалардың киелі мекені, алуан түрлі ғұрыптық мейрам өткізілетін орны болған Тамғалы аңғарының (Алматы облысы), Арпаөзен атыраптарының (Шымкент облысы) жартастарында сақтардың ондаған бейнелері бар. Олардың арасында бұғылардың, қабандардың суреттері,



*Сақ дәуіріндегі аңшылық көрінісі. Хантау тауы, Теректі өзенінің аңғарындағы тастағы сурет*

түйелердің шайнасқан көріністері, аю мен басқа жыртқыштардың бедерлері бар, бұлар осы мүсіндердің металдан құйылған түрлеріне ұқсас. Сонымен бірге сақтардың қолданбалы өнер бұйымдарында кездеспейтін көріністер де бар. Бұлар – адамның аң аулап жүрген кезінің көріністері, соғыс және жүк арбаларының суреттері және т.б. Жартастағы суреттер сақ тайпаларының сан салалы көркем шығармашылығының көрінісін едәуір толықтыра түседі.



# САРМАТ-САВРОМАТ БІРЛЕСТІГІ

Ежелгі дәуірде Қазақстанның батыс өлкелерін, Оңтүстік Орал алқаптарын мекендеген **сармат-савромат** тайпалары түркі – халықтарының, қазақ ұлтының қалыптасу тарихына терең із қалдырған алғашқы мемлекеттік бірлестіктердің бірі. «Сарматтар», «Сарматия» сияқты атаулар ежелгі дәуірдегі жазба деректерінде кездеседі.

Грек деректерінде сарматтар б.з.б. IV ғасырдан, яғни олардың Батыс Қазақстан мен Оңтүстік Орал өлкелерінен батысқа қарай жылжуы басталған кезден бастап ұшырасады. Осы кезде, яғни б.з.б. 339 жылы Қара теңіз скифтерінің атақты патшасы Атей өліп, бұдан соң Скифияда үлкен саяси-экономикалық дағдарыс қалыптасады. Скиф мемлекетіндегі осы қиындықты пайдаланған

үстемдікке қол жеткізеді. Б.з.б. II ғасырдың соңында олар сақтармен одақтасып, Диофант әскерлеріне қарсы шығады. Боспор әулетінің өзара жауласу соғыстарына қатысады. Боспор қалаларына біртіндеп қоныстана бастаған сарматтар олардың тұрмысына, қоғамдық өміріне және әскери ісіне әсерін тигізеді. Б.з.б. 179 жылы сармат патшасы Гатал Кіші Азия мемлекеттерін өз одағына кіргізеді. Б.з.б. I ғасырда сарматтар Понтий патшасы Митридат VI-мен одақтасып, Римге қарсы шығады.

Сарматтардың шығыс тобы экономикалық және саяси жағынан Орта Азия мемлекеттерімен, әсіресе, Хорезммен тығыз байланыста болды.

Б.з. I ғасырынан бастап сарматтар бірнеше рет Кавказ бойына шабуыл жасайды, ондағы жекелеген мемлекеттер-



*Сармат мүсіні*

сарматтардың шығыстан жылжыған түрлі топтары үнемі соғыса отырып, скифтерді талқандайды. Б.з.б. II ғасырға қарай сарматтар Қара теңіз скифтерінің патшалығы аумағында өз билігін орнатып, Шығыс Еуропа даласында



*Сармат жауынгерлері. Б.з.б. VI – I ғ. Қ.С. Ахметжановтың “Жараған темір кигендер” кітабынан*

мен одактасады. Олар Дунайда да пайда болып, бір бөлігі (негізінен, языгтар мен роксоландар) Рим империясының шекарасына жақын қоныстанады. Соғыс өнерін жете меңгерген сарматтар Риммен әскери қақтығыстар жасап отырады. Император Август тұсында жасалған Рим әлемінің картасындағы 24 облыстың тоғызыншысы «Сарматия» деп аталған. Страбонның «Географиясында» (б.з.б. 65 ж. – 25 ж.) языг, роксолан, аорс, сирак сияқты сармат тайпаларының аты беріледі. Қазіргі ғалымдар алдыңғы екеуін еуропалық, ал кейінгі екеуін азиялық Сарматияға жатқызады.

Сарматтардың бұдан кейінгі тарихы да қым-қуыт соғыстар мен жорықтарға толы. Б.з.б. I ғасырдың соңына қарай әуелі Дон маңында, кейінірек Қара теңіз



*Сарматтардың қыш ыдыстары*

өлкелерінде олардың ішінен «алан» тайпалық одағы қалыптасып, көп ұзамай сарматтардың басқа да топтарын өзіне қосып алады. Еуропадағы сармат-аландардың патшалығының Солтүстік Қара теңіз жағалауындағы үстемдігін III ғасырда готтардың жорығы бұзды. IV ғасырдың соңында ғұндар аландарды талқандап, өздеріне қосып алды.

Сарматтар, негізінен, көшпелі мал шаруашылығымен айналысты. Әуел

баста отырықшы бөлігі ғана егін екті. Оларда рулық құрылыстың ыдырауына, дәулеттілер мен жауынгер ру-тайпалардың қолбасылары және олардың жасақтарының іріктелуіне байланысты әлеуметтік жік пайда болып, сарматтардың өркендеу сатысына тән матриархаттық қасиеттер біртіндеп жойыла бастады.

Савроматтар – Жайық өңірі мен Еділдің төменгі сағасын мекендеген ежелгі тайпалардың ортақ атауы. Савромат мәдениетінің ошағы б.з.б. VI ғасырдағы төменгі Еділ мен Жайық алабы екені анықталды.

Ертедегі авторлардың айтуынша, савромат қоғамында әйелдер ерекше рөл атқарған. Олар ерлермен бірдей соғысқа қатысқан, сонымен қатар савромат қыздары үш адамды (жауын) өлтірмейінше күйеуге шықпаған. Б.з.б. IV ғасырда савроматтар скифтермен тату көршілікте өмір сүрген. Олар бірте-бірте жаңа өріс іздей отырып, Дон (Таң) өзенінің арғы жағындағы скиф жерлеріне, одан әрі Батыс Еуропа елдеріне дейін көшіп барған. Сол жердегі тұрғылықты халықтардың арасына сіңіп кеткен.

## КУШАН ПАТШАЛЫҒЫ

Б.з. I – III ғасырлары аралығында Орта Азияда өмір сүрген мемлекеттердің бірі – **Кушан** патшалығы. Ол дәуірлеп тұрған кезінде аумағы қазіргі Ауғанстан, Батыс Пәкістан, Солтүстік Үндістан, Шығыс Түркістан және Қырғызстан мен Өзбекстанның бір бөлігін қамтыған. Заманында Рим, Парфия, Хань мемлекеттерімен қатар қанат жайып, аса күшті мемлекет болғанына қарамастан, Кушан тарихының дәл хронологиясы әлі нақты анықталмаған. Мемлекеттің негізін салушылар – Шығыс Алтай, Жоңғария, Жетісу жерлерін мекендеген көшпелі иозы, тохар тайпалары. Олар шамамен б.з.б. 135 жылы (кейбір деректерде б.з.б. 128 жылы) ғұндар мен үйсіндердің ығыстыруымен Жетісудан ауып, Грек-Бактрия патшалығын жаулап алған.

Б.з.б. 95 – 70 жылдары ол бес жабғулыққа (иелікке) бөлінген. Б.з.б. 50 жылы Кушан жабғуы Куджула Кадфуз одан сайын күшейіп, қалған төртеуін өзіне бағындырып, Кушан патшалығын құрады. Қытай деректерінде патшалық «Даюечжи» (Ұлы иозы) деп аталады. Б.з.б. 24 – 25 жылдардан бастап Кушан ел билеушілері өздерін жабғу емес, махаража (ұлы патша) деп атаған. Ол Вима Кадфиз патша тұсында, әсіресе, Канишка мен оның ұлы Кувишка мемлекет басқарып тұрған кезде ерекше күшейді.

Патшалықтың халқы этникалық жағынан ала-құла болды. Дегенмен, негізгі тұрғындары Шығыс Иран тілдес тайпалар және түркілердің арғы аталары – ғұндар мен тохарлар еді.

Елде бірнеше дін (буддизм, зороастризм, индуизм, эллиндік наным-сенімдер) мен жазу (грек, арамей жазула-

ры) қатар қолданылды. Археологиялық деректерге қарағанда, қазіргі Өзбекстан (Хорум), Тәжікстан (Солтүстік Бактрия), Ауғанстан (Баграм), Пәкістан (Такшл), т.б. аймақтарда оның өркендеген заманында қалалар дәуірлеп өсіп, ірі құрылыс жайлар салынған, суландыру жүйелері, қолөнер кәсіпшілігі дамыған. Қытай, Парфия, Риммен сауда және елшілік қарым-қатынастар жолға қойылған. Патшалық аумағы арқылы Қытайдың астанасынан Римге, Сирияға, Мысырға баратын Ұлы Жібек жолы өткен, сондай-ақ Рим мен Мысырдан Батыс Үндістан порттарына кеме қатынап, теңіз саудасы өркендеген.

Кушан патшалығы тұсында Үндістаннан келген буддизм діні Орта Азия мен Қиыр Шығысқа жетіп, тарай бастады және оның қайталанбас өнерінің кейбір үздік үлгілері пайда болды (мысалы, Будданы адам бейнесінде мүсіндеу алғаш рет сол кезеңнен көрініс береді).

Кушан патшалығы қазіргі Қазақстан жерінің оңтүстік-шығыс аймақтарымен тығыз байланыста болды. Канцзюй (қаңлы) мемлекетінің ел билеушілері Кушан патшаларының әулетімен құда-жекжаттық байланыста болған. Б.з.б. 78 – 84 жылдары қаңлылар оған қарсы көтеріліске шыққан Шығыс Түркістан иеліктеріне кенеттен шабуыл жасады. Патшалық Васудева патша (III ғасырдың аяғы) тұсында біртіндеп әлсірей берді. IV ғасырда ол жеке иеліктерге бөлініп, Сасан әулетінің ықпалында қалды. V ғасырдың ортасында өзінің өмір сүруін тоқтатып, біржолата жойылып кетті.

## ҒҰН ИМПЕРИЯСЫ

Ежелгі дәуірдегі өмір сүрген үлкен тайпалар одағының бірі – **ғұндар**. Түркі халықтарының арғы тегі саналатын бұл ғұн тайпалары бастапқы кезде Солтүстік Қытайда, Моңғолияда, Байкал өңірінде қоныстанған. Ежелгі Қытай жылнамаларында ғұндар «гуй фаң», «гун рун», «хун ю», «шиан ю», «шиұң ну» секілді атаулармен берілген.

Б.з.б. III ғасырдың соңына қарай ғұндар бірігіп әскер түзеп, өздерінің мемлекетін құрды. Ғұндар 24 руға бөлінген, оларды бектер биледі. Әр рудың көшіп жүретін өз жері болды. Жоғары билеушісі «тәңірқұт» лауазымын иемденген.



*Ұлы Ғұн мемлекетінің туы*

Қытай деректерінде ғұндардың жоғары билеушісі «шаньюй» деп аталады. Оның қолында шексіз дерлік билік болды. Одан кейін түменбасылар деп аталатын бекзадалар тұрды. Олар тәңірқұттың ұлдары, інілері немесе жақын туысқандары болатын. Түменбасылар өз иеліктерінде мыңбасылар, жүзбасылар тағайындай алатын еді. Алайда тәңірқұт өзіне бағынбаған немесе жазықты болған түменбасылардың жерін қайтарып алатын, өздерінің жүзбасылары мен онбасылары жөнінде түменбасылардың да нақ сондай құқығы болды. Лауазымдар мен жоғары шендер мұраға қалдырылды. Ғұндар соғыс тұтқындарынан және бағынышты өңірлердің халқынан тұратын

құлдар ұстаған. Олар үй қызметшілері, бақташылар, қолөнершілер және жер жыртушылар ретінде пайдаланылды.

**Саяси тарихы.** Б.з.б. II мыңжылдықта Хуанхэ өзенінің орта тұсы егін шаруашылығымен айналысуға қолайлы болатын. Сондықтан осы өңірдегі көшпелі тайпалар қытайлықтармен кескілескен ұрыс жүргізіп, оны қорғап қалуға күш салды. Бұл орайда ғұндар белсенділік танытып, мал өсіруге, күнкөріске тиімді Ордос жері үшін шайқасты.

Тұман тәңірқұт қайтыс болғаннан соң б.з.б. 209 жылы билік оның ұлы Мөденің қолына көшті. Ол бірден әскер жасақтап, қытай иемденген жерлерді тартып алуға кірісті. Осы кезде ғұндар мен дунху тайпалары арасындағы жағдай шиеленісе бастайды. Дунху билеушісі Мөдеден Тұманның жүйрік атын сұратып елші жібереді. Мөде кеңесшілерімен ақылдасып, бір атқа бола екі тайпа арасындағы қарым-қатынасты бұзғысы келмей, сұраған атты береді. Біраз уақыт өткен соң, дунхулар бізден қорқып айтқанымызға жүреді деп ойлап, тәңірқұттың бәйбішесін сұратып елші жібереді. Мөде кеңесшілерімен тағы да ақылдасуды жөн көреді. Олар мұндай жағдайды басынғандық деп бағалап, шабуыл жасау керек деген шешімге келеді. Бірақ Мөде басқа мемлекетпен көрші тұрып, одан бір әйелді қызғанған болмас деп сүйікті әйелін бергізеді. Дунху билеушісі енді ғұндармен екі арадағы бос жатқан жерді сұратып Мөдеге елші жібереді. Мөде кеңесшілерімен ақылдасады, оның кеңесшілерінің пікірлері екіге бөлініп, ақыры бір шешімге келе алмайды. Өзіне дейін ғұндарда мемлекеттің

болмауы осы жерге байланысты екендігіне анық көзі жеткен Мөде жерді беру керек деген кеңесшілерін қуып жібереді. «Жер – мемлекеттің негізі, оны біреуге беруге болмайды. Әрбір халыққа Жерді Тәңір берген. Жер болса, халық болады және онда мемлекет құруға болады», – деп жерді сұрағандардың басын алуды бұйырады.

Мөденің мұндай батыл шешімі тарихта оның даңқын арттырып, беделін нығайтты. Сөйтіп, ол дунхуларды



*Мөде қазан*

талқандап, қолға түскен билеушілерін жазалады. Дунхулардың қалған бөлігі Ухуан мен Сәнби тауларына барып бас сауғалады.

Дунхулармен соғыста ғұндар үлкен жеңіске жетіп, солтүстік түркі тайпалары – динлиндерге шабуыл жасады. Оларды талқандағаннан кейін Ертіс өзеніне шықты. Одан шығысқа қарай жорықты жалғастыра отырып, Тынық мұхиты жағалауына жетті. Мөде әскерін біраз тынықтырып алып, қытайлықтарға шабуылдай бастады. Қытай барлаушылары Мөденің әскер санының қанша екендігін дәл анықтай алмады. Ол әскерінің ең әлсіз бөлігін алға салып отырды. Қытайлықтар

оларды талқандап өкшелеп қуған кезде Мөденің ең күшті әскерлеріне тап болды. Мөденің бұйрығымен жасалған ысқырғыш жебелер жауларының құтын қашыратын еді. Бірнеше жылға созылған соғыстардың нәтижесінде Мөде қытайлардан ғұндардың Ордос алқабын тартып алды. Мемлекет аумағы кеңейіп, империяның қуаты артқанын білген қытайлықтар оны Хань империясымен теңестіруге мәжбүр болды.

Б.з.б. 200 жылы қытай императоры Лю Бан Мөдеге бірінші болып шабуыл бастады. Мөде әскерін үш бөлікке бөліп орналастырған еді, ал қытайлықтар болса ғұн әскерінің бір бөлігін шегіндіре бастайды. Осы ұрымтал сәтті пайдаланған ғұндар мықты қаруланған әскерімен қарсы шабуылға шығып, қытайлықтарды лезде қоршауға алады. Қыстыгүні 7 күн бойы қоршауда қалған Лю Бан Мөденің әйеліне сыйлықтар жіберіп, өздеріне көмектесуге көндіреді. Мөденің әйелі ғұндар қытайлықтардың жерін алғанмен, бөтен жерде көп тұрақтай алмайтындығын айтып, ерін айтқанына көндіреді. Мөде әскерлеріне Лю Банды қоршаудан босатуды бұйырып, өзі Ордосқа оралады. Лю Бан қоршаудан босатылғанымен, екі жақты әскери қақтығыстар бірден тоқтай қоймады.

Мөде қытай аумағына тонаушылық мақсатта үнемі жорық жасап, императордың құтын қашырумен болды. Өзінің бір кеңесшісі императорға Мөдеге қызынды бер деп ақыл-кеңес береді, сонда одан туған бала нағашы атасына қарсы шықпайтындығын, елдің тыныштығы сақталатындығын есіне салады. Сөйтіп, сенімге кіргеннен кейін болашақта ғұндарды өзімізге қосып аламыз деп көндіруге тырысады. Осылай-

ша б.з.б. 198 жылы Қытай империясы өзін ғұндардың алдында төмен санап, Мөдеге қызын беретіндігін, ғұндармен «бейбітшілік және туысқандық» келісім жасағысы келетіндігін білдіреді. Қытай императоры Мөдеге қызын беріп, жыл сайын салық төлеп тұруға міндеттенеді. Бірақ мұндай салық қитұрқы саясатқа негізделген көзалдаушы салық еді.

Б.з.б. 195 жылы император Лю Бан қайтыс болды. Оның баласы өте жас болғандықтан, елді императордың жесі-



*Ғұн жауынгері. Қалпына келтірілген Г.В. Лебединская*

рі Люй Хоу басқарды. Ол қайтыс болған соң билікке император Вэн-ди келді, оның тұсында елде біраз өзгерістер болды. Жеке ғұн князьдіктері екі ел арасындағы келісімді бұзып, Қытай аумағына өтіп кетті. Бірақ екі жақты хат алмасу арқылы келіссөздің нәтижесінде жағдай бейбіт жолмен шешіліп отырған. Қытай императоры өз хатында Ғұн империясы Хань империясымен терезесі тең дей келіп, Мөдені өзінің бауыры санайтындығын хабарлайды. Бұл ғұндар үшін үлкен жетістік еді. Өйткені, бұған дейін көшпелілер көсемдерінің

ешқайсысы Хань империясымен теңесуді армандап көрген жоқ еді.

Мөде Орта Азияға қарай жорыққа аттанып, б.з.б. 177 жылы түркі тайпалары – юэчжилерді талқандады, соның нәтижесінде ғұндар өздеріне Шығыс Түркістан жерлерін қосып алды. Осылайша Шығыс Түркістаннан Корей жеріне дейінгі аумақты иеленген Ұлы Ғұн империясы тарих сахнасына шықты.

Мөде ақылдылығымен, кәнігі саясаткерлігімен ұлы билеушілердің қатарынан орын алады. Ол Ғұн империясының негізін қалауда қай істі болсын алдын ала жоспарлағандықтан үнемі жетістікке жетіп отырды. Мөде қаған б.з.б. 174 жылы қайтыс болды, ал оның ұрпақтары Ұлы Ғұн империясының даңқын асырып, Мөде қағанның саясатын әрі қарай жалғастырды.

Мөденің ұлы Лаошань Гиюй тәңірқұт лауазымымен билікке келіп, әкесінің мұрагері ретінде Ұлы Ғұн империясына иелік етті. Ол Шығыс Түркістан, Жетісу жерлеріндегі түркі тайпалары – юэчжилермен соғысты жалғастырып, б.з.б. 165 жылы оларды толықтай талқандады. Юэчжилердің жартысы Сырдариядан өтіп, Әмудария жағасында А.Македонскийден қалған Грек-Бактрия патшалығының халқымен соғысты. Бактриялықтарға қосылып кеткен олар бұдан кейін ғұндарға қарсы шықпаған.

Юэчжилерді жеңген Лаошань шаньюй енді Қытайға қарсы соғысқа аттанды. Ол б.з.б. 166 жылы 140 мың атты әскермен Қытай аумағына солтүстік-батыс жағынан басып кірді. Біраз тұтқындарды қолға түсіріп, императордың жазғы мекенін өртеп кейін қайтып кетті. Б.з.б. 162 жылы император Вэн-ди Лао-

шань тәңірқұтқа бейбіт келісім сұрап елші жібереді. Қытайлықтардың ендігі жерде ғұндар мен қытай империясын тең деп тануға мәжбүр болудан басқа амалы қалмады. Б.з.б. 161 жылы Лаошань тәңірқұт қайтыс болып, билікті оның баласы Гюнчен қолына алды. Ол Қытаймен бейбіт қатынас орнатты. Б.з.б. 157 жылы император Вэн-ди өлген соң, император тағын Цзин-ди иеленді. Оның император болуына қарсы шыққандар ғұндардан көмек сұрағанымен қолдау таппады. Б.з.б. 154 жылы елдегі көтеріліс күшпен басылды. Б.з.б. 152 жылы ғұндармен келісім жасалып, шекаралық аймақтарда сауда орталықтары ашылды, сондай-ақ тәңірқұтқа қытай ханшайымын беріп, салық төлейтін болды.

Б.з.б. 140 жылы Қытайдағы билікке император У-ди ие болып, ғұндарға қарсы соғыс бастады. Содан кейін ғұндармен шекаралық аймақтардағы байланыс бірте-бірте үзіле бастады. Б.з.б. 128 жылы талантты қытай қолбасшысы Вэй Цин көп әскерімен Ордосқа басып кірді. Олар қорғанысты күшейту үшін Шофан деген қамал салып алды. Бұған жауап ретінде ғұндар Ұлы Қытай қорғанының шығысындағы Цзаоян ауданын бағындырды. Б.з.б. 126 жылы қыста Гюнчен тәңірқұт қаза тапты. Ол өзінің атасы Мөде негізін қалаған Ғұн империясының шаңырағын шайқалтпай, қытайлықтармен алты жыл бойы соғысты. Кейін орнына інісі Ичисие тәңірқұт келіп, Қытайдың солтүстік аудандарына шабуыл жасап, бірқатар жеңістерге қол жеткізді. Б.з.б. 125 жылы ол Ордосқа басып кіргенімен, оны қолына ұзақ ұстап тұра алмады.

Император У-ди енді ғұндардың далалық жерлеріне жорық жасамақшы болды. Осы көздеген мақсатына орай өте

мықты қаруланған атты әскер жасақтады. Оның қолбасшысы болып Вэй Цин тағайындалды. Б.з.б. 124 жылы көктемде 100 мың адамнан тұратын Қытай әскері батыстағы көшпелі ғұндарға шабуыл жасап, 15 мың адамды тұтқынға түсірді. Тап осы кезде ғұндар қытайлықтардың батыс аумағына шабуыл жасап, өздерімен бірге мыңдаған тұтқынды әкетті.

Қайтадан әскер жасақтаған император ғұндарға шабуылды тоқтатқысы



*Ғұндардың әскери жасағы. I – V ғғ.  
Қ.С. Ахметжановтың “Жараған темір кигендер” кітабынан*

келмей, Вэй Цин мен Хо Цюй Биннің қолбасшылығымен б.з.б. 119 жылы ғұндарға қарсы жорыққа шықты. Ғұн билеушісі астанасын алыс түкпірге көшіріп, өзі қытай әскерін Гоби шөлінің солтүстігінде күтіп жатты. Екі жақты жойқын соғыс бір күнге созылды. Бірақ шайқас еш нәтиже бермеді. Қатты соққан бораннан ештеңені көру мүмкін болмады. Түнге қарай қытайлықтар ғұндарды

қоршап, екі жақ қолма-қол шайқасқа кірісті. Ғұндар ақырындап шегіне бастады, оларды кумақшы болған император әскерлері ғұндардың қатты қарсылығына тап болып, амалсыздан кейін шегінді.

Шығыста Хо Цюй Бин әскері ғұндардың ордасын талқандап, оларды Иншанды тастап, шөлге қарай шегінуге мәжбүр етті. Осы шайқастардан кейін Ғұндар мен Қытайдың шекарасын Гоби шөлі бөліп жатты. Енді қытайлықтар



*Ақтастан табылған ғұн заманының алтын әшекейі*

еншілеген аумақты одан әрі кеңейтудің жолын іздестіре бастады. Б.з.б. 112 – 111 жылдары қытайлар тибеттіктерді өз аумағынан ғұндармен қоса ығыстырып, Сарыөзенге дейін тықсырды. Дегенмен, олар тибеттіктерді бағындыра алмады, б.з.б. 107 жылы ғана соғыс аяқталды.

Б.з.б. 109 жылы император Кореяға қарсы соғыс ашып, оны бағындырған соң Еуропаға дейін жаулап алады көздеді. Бірақ ол үшін алдымен ғұндарды талқандап алу керек еді, ал олар ғұндардың біраз жерлерін тартып алғанмен, Ғұн империясын толық

бағындыруға шамасы келмеді. Енді қытайлықтар ғұндарды ішінен ірітудің жолын іздестіре бастады. Олар ғұндарға тәуелді үйсіндердің жабғуына қытай ханшайымын бір топ күтушісімен әйелдікке береді. Қартайған жабғу оны ең кіші әйелі етіп алғанымен, кейін оны өзінің немересіне бергенді жөн санайды.

Жат жерлік қытай қызы үйсіндер арасында астыртын қытай тобын құрады. Бірақ қызын босанған соң қайтыс болады да, ол құрған астыртын топ У-дидің батыстағы саясатын жалғастыра береді. У-ди ғұндарға қайтадан шабуыл жасау үшін 7 жыл бойы тиянақты дайындалады. Б.з.б. 90 жылы жақсы жасақталған әскері соғысқа сақадай-сай еді.

Б.з.б. 101 жылы дарынды билеуші Гюйлиху тәңірқұт қаза болып, билікке шығыстағы Цзюйдихэу келеді, бірақ ол да қайтыс болады. Ғұндар ақылдаса келе, таққа Цзюйдихэудің үлкен ұлы Хулугуды отырғызады. Хулугу тәңірқұт өзінің жансыздары арқылы Қытай тарапынан қауіп төніп келе жатқанын біліп, шайқасқа мұқият дайындала бастайды. Оған көмекке көшпелі тайпалардың бірсыпырасы – моңғол, сәнби, таба және т.б. келіп қосылады. Бұл шайқасқа Қытайдың жақтасы болған үйсіндер қатыспайды. Соғыстың алғашқы сәттерінен-ақ күші басым қытайлар ғұндарды бірден шегіндіреді. Әскери өнердің барлық қырын меңгерген ғұндар шегініп жүріп те ор қазып, бекініп алып қытайлықтарды талқандап тастайды. Ғұндардан жеңілген император У-ди Ұлы Ғұн империясын жеңу мүмкін емес екендігін енді ғана түсініп, өз еліне оралады. Сөйтіп, ғұндар Ұлы Даланы билеуге қытайларды жолатпады. Олардың жеңіске жетуінің сыры өз жеріне деген сүйіспеншілік болатын.